



**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары  
комитеті**

(Комитет)

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,  
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,  
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,  
E-mail: hat\_senat@parlam.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 4,  
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,  
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,  
E-mail: hat\_senat@parlam.kz

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

от \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

**Қылмыстық-атқару жүйесі  
мекемелерінде діни  
экстремизмге қарсы іс-  
қимыл мәселесі бойынша  
отырыс қорытындысы  
бойынша комитеттің  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қ.

2022 ж. 1 ақпан

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті (бұдан әрі - Комитет) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде (бұдан әрі - ҚАЖ) діни экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселесі жөніндегі отырысты қорытындылай, келесіні атап өтеді.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде айтылған басымдықтарды іске асыру мақсатында Діни экстремизмге қарсы іс – қимыл жөніндегі жүйелі шаралар кешенін, атап айтқанда ҚАЖ мекемелерінде орындау бойынша «Қайғылы қаңтар» сабақтары»: қоғамның бірлігі-тәуелсіздіктің кепілі» жазаларды орындау жүйесін одан әрі жетілдіру және уәкілетті органдармен өзара іс-қимылды нығайту қажет.

Осы саладағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған тиісті шараларды іске асыру мақсатында комитет депутаттары **ҰСЫНАДЫ:**

**1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1.1. Сотталғандардың мінез-құлқын тиімді бақылауды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы технологиялар мен бейнетіркеу құралдарын бір мезгілде енгізе

отырып, сотталғандарды ұстаудың камералық үлгісіне одан әрі көшуді қамтамасыз ету.

1.2. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ұсынуға қосымша мемлекеттік тапсырмалар мен тапсырыстар бөлу арқылы ҚАЖ кәсіпорындарын ынталандыру.

1.3. Ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін сотталған адамдармен және деструктивті діни ағымдарды ұстанушылармен ерекше жағдайларда жұмыс істейтін қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жөнінде қосымша шаралар әзірлеу.

1.4. Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы алуға құқығы бар ҚАЖ қызметкерлері лауазымдарының тізбесін кеңейту мәселесін қарау.

## **2. Ұлттық қауіпсіздік комитетіне:**

2.1. ПМ-мен бірлесіп, деструктивті діни ағымдарды ұстанушылар қатарынан сотталғандардың ҚАЖ мекемелерінен тыс жерлерде олардың ықпалы мен идеологияның таралуын болдырмау үшін жақын байланыстарымен жүргізілетін жұмысты күшейту.

## **3. Ішкі істер министрлігіне:**

3.1. Дін істері комитетін тарта отырып, теологтар штатын бейінді білімі бар қызметкерлермен даярлау және жасақтау, сондай-ақ олардың біліктілігін тұрақты арттыру жөнінде шаралар қабылдау.

3.2. Дін істері комитетін тарта отырып, теологтар штатын бейінді білімі бар қызметкерлермен даярлау және жасақтау, сондай-ақ олардың біліктілігін тұрақты арттыру жөнінде шаралар қабылдау.

## **4. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне:**

4.1. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, деструктивті діни ағымдардың жақтаушылары болып табылатын және ҚАЖ мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдармен жұмысқа бағытталған қызметті жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттар бөлуді қамтамасыз ету.

4.2. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген деструктивті діни көзқарастарды ұстанушыларды оңалту бағдарламасынан міндетті өту нормасын заңнамалық бекіту мәселесін зерделеу.

4.3. Сотталғанның радикалдық деңгейін анықтаудың бірыңғай әдістемесін әзірлеу.

4.4. Теологиялық ықпал етуді және ағартуды жүйелеу мақсатында штат бірлігін бөле отырып, теологтарды немесе дін қызметкерлерін түзеу мекемелеріне бекіту мәселесін қарау.

4.5. Үкіметтік емес ұйымдар мен жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен сотталғандарды, әкімшілік қадағалау бойынша есепте тұрған адамдарды, оның ішінде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі арнайы бағдарламаны әзірлеу.

## **5. Қаржы министрлігіне:**

5.1. 2022 жылға арналған бюджетті нақтылау шеңберінде ҚАЖ органдары мен мекемелерін материалдық техникалық жарактандыруды жақсарту,

сондай-ақ сотталғандарды камерада ұстау үшін жасақ-барақта ұстау мекемелерін реконструкциялау бөлігінде ПМ-нің бюджеттік өтінімін қарау.

5.2. ҚАЖ мекемелерінде діни экстремизмнің таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларға бюджет қаражатын бөлуді қарау.

**6. Білім және ғылым министрлігіне:**

6.1. Бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың отандық жоғары білім алу мүмкіндігі туралы мәселені қашықтық форматта пысықтау.

6.2. Түзеу мекемелерінде жұмыс істеу міндеттемесімен ҚАЖ үшін теологиялық бағыттағы мамандарды даярлауға (оқытуға) мемлекеттік грант бөлуді қарау.

Орындау бойынша ақпарат беру мерзімі 2022 жылғы 1 қазанға дейін.

**Комитет Төрағасы**

**В. ВОЛКОВ**